



Қуаныш



ДҮНИЕГЕ ҮШЕМ КЕЛДІ

Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері перзентханаға барып, жас босанған аналарды құттықтады. Сәбилердің арасында үшем де бар.

Облыстық перинаталды орталығына барған ассамблея мүшелері мереке қарсаңында босанған аналарға сый-құрмет көрсетіп, гүл шоқтарын табыстады. Оларға қалалық ақсақалдар кеңесінің мүшесі Орынбасар Жаңабергенов бата беріп, мереке күні дүние есігін ашқан сәбилер ұлтжанды болып өссін деген ниетпен домбыра сыйлады. Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының жанындағы жас аналар кеңесінің төрағасы Роза Сергазина аналарды құттықтап, өз лебізін білдірді.

— *Құрметті аналар! Сіздер — отбасының ұйымтқисы, еліміздің болашағын тәрбиелеп отырған аулы жанысыздар. Жаңа туған нәрестелердің дені сау, болашағы жарқын болсын! Отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік тілеймін! Аналық мейірім мен махаббат ешқашан сарқылмасын,* — деді ол.

Мереке қарсаңында үшем босанған Әселхан Мұқышева ен-

ді көпбалалы ана атанды. Бұған дейін бір ұл мен бір қызды дүниеге әкелген.

— *Ерекше жағдайға байланысты дәрігерлер 34-аптада кесір тілігі арқылы ота жасады. Нәрестелер шала туылған соң салмағы аздау. Бірінші бала (ұл) — 1 келі 980 грамм, бойы — 42 сантиметр, екінші (қыз) — 1 келі 440 грамм, бойы — 37 сантиметр, үшінші (ұл) — 1 келі 840 грамм, бойы — 40 сантиметр. Олардың жағдайы тұрақты, дәрігерлердің бақылауында.*

Жолдасым жүргізуші болып жұмыс істесе, өзім Ақтөбе қалалық №2 емханасында мейірбикемін. Қуанышымызды бөлісіп, құттықтауға келген Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдеріне алғысымды білдіремін. Мұндай құттықтау күтпедім. Бұл мереке енді ерекше есте қалатын болды, — деді Ә.Мұқышева.

А.АЛТЫБАЕВА.

Шахмақағы апам

ТӨРТ АДАМДЫ КҮЙІК ШАЛДЫ



Хромтау ауданындағы «Қазхром» трансұлттық компаниясы» АҚ филиалы Дөң тау-кен байыту комбинатындағы «Болашақ» шахтасында бұрғылау жұмыстарын жүргізу кезінде жарылыс болды.

Облыстық төтенше жағдайлар департаменті баспасөз қызметінің мәліметінше, оқиға орнына департамент басшылығы мен 20982-әскери бөлімнің, сондай-ақ апаттар медицинасы орталығының қызметкерлері дереу жеткен.

— *Апат салдарынан төрт адамды түрлі дәрежедегі күйік шалды. Зардап шеккендерді шахта жұмысшылары жер бетіне көтеріп шығарып, медицина қызметкерлеріне тапсырды. Оқиға кезінде шахтада 228 жұмысшы болды, олардың барлығы жер үстіне шығарылды. Шахтаның жұмысы уақытша тоқтатылды. Хромтаудағы әскерилендірілген тау-кен жасағының күшімен сутекті өлшеу жүргізілді,* — дейді облыстық төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі.

Ресми мәліметке сүйенсек, бұл күні төтенше жағдайлар министрлігі Командалық орталығының ахуалдық залында және төтенше жағдайлар департаментінің дағдарыс орталығында жедел штабтардың жұмысы ұйымдастырылды. Жедел желі телефоны (тел. 8-7132-54-86-82) ашылған.

Облыстық еңбек инспекциясының инстаграм әлеуметтік парақшасында бұл оқиғаға қатысты: «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы Дөң тау-кен байыту комбинатындағы топтық жазатайым оқиғаны тергеу үшін Еңбек кодексінің 188-бабы 4-тармағына сәйкес арнайы комиссия құрылды. Оқиғаның себептерін арнайы комиссия анықтайды, — делінген.

Арайлым ҚЫДЫРБАЙҚЫЗЫ.

ҰСТАЗ ЕҢБЕГІ — ШӘКІРТ АЛҒЫСЫ

Уақыт шіркінді тоқтатуға ешкімнің шамасы жоқ. Зымырап өтіп жатыр. ...Менің мектеп бітіргеніме биыл 30 жыл толыпты. Осы отыз жылдықты ұйымдастыру қарсаңында сол бір балалық шақтың естеліктері көз алдыма қайта оралды. Әсіресе бізге бағыт-бағдар беріп, дұрыс жол көрсеткен сынып жетекшіміз Нұржамал апай туралы айтқым келеді.

Балалық шағым Байғанин ауданының Оймауыт ауылында өтті. Балалық шағымды ойласам, сынып жетекшім әрі орыс тілі пәнінен сабақ берген ұстазым Нұржамал Құсайынова апайым еріксіз есіме түседі. Ол өте талапшыл, турашыл ұстаз еді. Сабақ өткізуге ешқашан жеңіл-желпі қарамайтын, бізден де сондай ұқыптылық пен жауапкершілікті талап ететін. Әр сабағы жүйелі өтетін. Сондай ұлағатты ұстазымнан мен тек орыс тілін ғана үйреніп қоймай, тәртіпті болуды, еңбектенуді және шыншыл болуды да бойыма сіңірдім. Менің жадымда Нұржамал апайымның бейнесі сенімді, жауапкершілігі мықты ұстаз болып сақталды. Нұржамал апай біз үшін тек жай ғана мұғалім емес, дұрыс бағыт-бағдар беріп, түзу жөн сілтеген нағыз тұлға еді. Бүгінде Нұржамал апайымыз зейнетте. Мен де Нұржамал апай секілді ұстаздық мамандықты таңдадым.

Осы салада 25 жылдан астам уақыт еңбек етіп келемін. Сынып жетекшімдей талапшыл, турашыл, адал және әділ болуды есімнен шығарған кезім жоқ. Ұстазға деген құрмет ешқашан өшпек емес. Ұстаздан алған тәлім-тәрбие өмір бойы жол көрсетіп, дұрыс бағыт сілтейді. Бүгінде сол бір ардақты апайыма — Нұржамал Құсайыноваға деген шексіз алғыс айтуды шәкірттік борышым деп санаймын.

Самиға ЖАКЕЕВА,
№78 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназия директорының бейіндік оқыту ісі жөніндегі орынбасары.

Құрметті электр энергиясын тұтынушылар!

«Энергосистема» ЖШС

өкілетті органға 2025 жылғы сәуірден бастап электр энергиясының шекті бағасын **34,64 теңге/кВтсағ.-тан 46,00 теңге/кВтсағ.-қа** дейін көтеру туралы хабарлама бергендігін хабарлайды. Бағаның көтерілуінің объективті себебі — электр қуатының жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге бағаның өсуі және энергия беруші ұйымдардың тарифтерінің өсуі.

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «Өрихтау Оперейтинг» ЖШС жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет: «Жобада Шығыс Өріктау кен орнында көмірсутектер өндіруді жүргізу кезінде жер қойнауын пайдалану салдарын жою көзделген»

Өтінішпен сайттарда <https://ecoportal.kz/>, «жария талқылаулар» айдарында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zheraidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecoder@ecogeo.gov.kz.

Байланыс ақпараты: Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 1 (кеңсе), тел.: 8 (7132)74-21-73.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 27.02.2025 ж. – 29.03.2025 ж.

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «Хромтауский кирпичный завод» ЖШС жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет: «Хромтау кірпіш зауыты» ЖШС объектілерінен 2025-2034 жылдарға арналған НҚЖ жобасын түзету».

Өтінішпен сайттарда <https://ecoportal.kz/>, «жария талқылаулар» айдарында, <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zheraidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecoder@ecogeo.gov.kz.

Байланыс ақпараты: Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 1 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 27.02.2025 ж. – 29.03.2025 ж.

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ

Ақтөбе облысы бойынша экология департаментіне бастамашы «Көктас» АҚ жоспарланып отырған қызмет туралы өтініш түскенін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет: «Бұзылған жерлерді және жер қойнауын пайдаланудың басқа да объектілерін рекультивациялау бойынша жұмыстар жүргізу».

Өтінішпен сайттарда <https://ecoportal.kz/>, «жария талқылаулар» айдарында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zheraidalanuy/activities/directions?lang=ru> («қоғамдық талқылау» бөлімі) танысуға болады.

Жұртшылық көзделіп отырған қызмет туралы мәлімдемеге қатысты өз ескертпелері мен ұсыныстарын беруге құқылы. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдауды Ақтөбе облысы бойынша экология департаменті электронды мекенжайда жүзеге асырады: aktobe-ecoder@ecogeo.gov.kz.

Байланыс ақпараты: Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр даңғылы, 1 (кеңсе), тел.: 8(7132)74-21-73.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: 28.02.2025 ж. – 30.03.2025 ж.

«Shalgar Energy» ЖШС

ашық отырыс нысанында келесі жобаларды талқылау мақсатында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды:

1. «2024 жылғы 1 қарашадағы №5380-УВС келісімшартқа сәйкес Ақтөбе облысындағы Шалқар учаскесінде көмірсутектерді іздеу жөніндегі барлау жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы. Қоғамдық тыңдаулардың өткізілу күні мен уақыты: **10.04.2025 ж. сағат 11.00-де.**

2. «Шалқар учаскесінде жобалық тереңдігі 2200 (±250м) барлау ұңғымаларын экологиялық бағалау материалдарымен салудың топтық техникалық жобасы (Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары)». Қоғамдық тыңдаулардың басталу күні мен уақыты: **10.04.2025 ж. сағат 15.00-де.**

3. «Шалқар учаскесіндегі жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою жобасы» экологиялық бағалау материалдарымен (Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары)». Қоғамдық тыңдаулардың басталатын күні мен уақыты: **10.04.2025 ж. сағат 16.30-да.**

Өткізу орны: Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Бозой ауданы, Бозой ауылы, В.Прохоренко **16**, Әкімдік ғимаратында.

Есер ету аймағының координаттары: 46°21'00"СШ, 59°00'00"БД, 46°21'00"СШ, 58°59'00"БД.

Интернеттегі байланыс сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/2980590967?pwd=eTVpdjZ3aFpMMtEFPWY4UEU2dGNod209>

Конференция идентификаторы: 298 059 0967

Кіру коды: 1NUXAr

Конференцияға қосылу мәселелері бойынша 87024190246 телефонына хабарласуға болады.

Бастамашы: «Shalgar Energy» ЖШС, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, №2 ғимарат, БСН 250140003840, сот: 8772411903, e-mail: marat_kzo@mail.ru.

Жобаны әзірлеуші: «Каспиан Энерджи Ресерч» ЖШС, 060005, Атырау қ., Смағұлова 4А, МЛ №01042P-14.07.07 ж., БСН 020840001081, e-mail: gul_shat_k@mail.ru, тел: 87770676529.

Жергілікті атқарушы органның электронды мекенжайы және пошталық мекенжайы: «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекенжайы: 030010, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 40, электронды мекенжайы: expert_oos@mail.ru, тел.: 8 (7132) 55-26-28.

Жоба бойынша құжаттама бірыңғай экологиялық порталда <https://ecoportal.kz/> және жергілікті атқарушы органның (ЖАО) ресми интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/?lang=ru> орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей электронды мекенжай бойынша қабылданады expert_oos@mail.ru және сайтта <https://ecoportal.kz/>.

ЖАРНАМА 90-71-55



Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Меншік иесі:
«АКТӨБЕ МЕДИА» ЖШС

Газет 1974 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған

Директор
Раукен **ОТЫНШИН**

Директордың орынбасары
Айгүл **НҰРКЕЕВА**

Бас редактор
Сәтжан **ДӘРІБАЙ**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ70УР00061916 куәлігі берілген.

Жауапты хатшы Динара САНГУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Данагүл ҚАЗИХАН

Тілшілер
Мейрамгүл САТАЕВА,
Кәмшат ҚОПАЕВА,
Ақмарал МҰҚАШЕВА

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Айбек ТАСҚАЛИЕВ

Тілшілер
Нұрмұханбет ДИЯРОВ,
Арайлым НҰРБАЕВА,
Айдана АЛТЫБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі
Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 90-92-37

Тілшілер
Индира ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ

Беттеуші
Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА

Теруші Гүлмара АЙНАЗАРОВА

Корректорлар
Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА, Ақзат ЖИЕНАЛИНА

Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67

Жарнама бөлімі 90-71-55



Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау белмесі: 90-71-61.

Сайт: www.aktobegazeti.kz

E-mail: aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 15108 Тапсырыс №255

Нөмірдің кезекші редакторы
Айдана Алтыбаева

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тәсілшары бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды

